

**«Маңғыстау облыстық ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы» ЖШС  
қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысының  
№3 ХАТТАМАСЫ**

Ақтау қаласы

22.12.2021ж.

**Міндетті мәліметтер:**

**Занды тұлғаның толық атауы**

«Маңғыстау облыстық ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы» ЖШС  
(бұдан әрі «Серіктестік»)

**Серіктестікке қатысушылардың атауы**

- 1.«Маңғыстау облысының қаржы басқармасы» ММ** атынан басқарма басшысы С.Б. Нарешова ЖШС Жарғысының негізінде- жарғылық капиталдағы үлесі 49%.
- 2.Нурай Онаевна Жайнбаева** жарғылық капиталдағы үлесі 26%.
- 3.Дәурен Алдамжарұлы Сыдықов** жарғылық капитал 25%.

**Серіктестіктің заңды мекенжайы**

Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 35 шағын аудан, 2 ғимарат, 3 қабат, 306/2 кабинет.

**Өткізу уақыты**

Басталу уақыты- сағат 16.00,  
аяқталу уақыты- сағат 17.00.

**Жиналысқа қатысушылар тіркелді:**

- 1.«Маңғыстау облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі атынан ЖШС жарғысының негізінде әрекет етуші басшысы С.Б.Нарешова жарғылық капиталдағы үлесі 49%;
2. Н.О. Жайнбаева ЖШС Жарғысы негізінде - жарғылық капиталдағы үлесі 26%;
3. Д.А. Сыдықов ЖШС Жарғысы негізінде - жарғылық капиталдағы үлесі 25%.

**Шақырылғандар:**

1. К.К. Тәшімов - Маңғыстау облысы ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы.
- 2.Т.М. Нсанбаева - Маңғыстау облысының қаржы басқармасының басшысының орынбасары.
- 3.А.Ж. Нугманов - Маңғыстау облысының ауыл шаруашылығы Басқарма басшысының орынбасары.

## Күн Тәртібі:

1. «Маңғыстау облыстық ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы» ЖШС тарату туралы.
2. Серіктестіктің тарату комиссиясын тағайындау.
3. Заңнама шеңберінде серіктестікті таратуды аяқтау тәртібі мен рәсімін белгілеу.

**Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша:** С.Б. Нарешова сөз сөйлеп, ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 908 қаулысына сәйкес 2021-2025 жылдарға арналған Жекешелендірудің кешенді жоспары коммуналдық меншік объектілерінің тізбесі бекітілгенін хабарлады. Жекешелендіру жоспарын іске асыру мақсатында әрбір объекті бойынша өткізу кестелері мен жол карталары (іс-шаралар жоспарлары) бекітілді.

Осыған байланысты, «Маңғыстау облыстық ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы» ЖШС, жарғылық капиталдың мемлекеттік үлесі 49%, Интернет желісінде орналасқан Мемлекеттік мүлік Тізілімінің веб-порталында үш рет сауда-саттыққа шығарылды [www.gosreestr.kz](http://www.gosreestr.kz) 12.11.2021ж №225314 Акт, 03.12.2021 ж. №227407 Акт, 21.12.2021 ж. № 229487 Акт). Үш аукцион қорытындылары бойынша қатысушылардың болмауына байланысты, электрондық сауда-саттық өткізілмеді. Егер объекті үш реттік сауда-саттықтың қорытындысы бойынша сатылмаған жағдайда, заңнамаға сәйкес осы объекті таратылуға жатады.

Осыған байланысты, 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 35 шағын аудан, 2 ғимарат, 3 қабат, 306/2 кабинет мекенжайы бойынша «Маңғыстау облыстық ауыл шаруашылық тәжірибе станциясы» ЖШС, тарату туралы мәселені қарау ұсынылады.

**Дауыс беру қорытындысы:** Қолдап-«бірауыздан», «Қарсы»-жоқ, «Қалыс қалғандар»-жоқ.

**Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша шешім бірауыздан қабылданды.** «Маңғыстау облыстық ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы» ЖШС тарату туралы.

**Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша Т.М. Нсанбаева сөз сөйледі:** 3 адамнан тұратын Серіктестіктің тарату комиссиясын тағайындау туралы:

А.Ж. Нугманов - Маңғыстау облысы ауыл шаруашылығы басқарма басшысының орынбасары - тарату комиссиясының төрағасы;

Н.О. Жайнбаева - комиссия мүшесі;

Қ.Т. Құсайынова - Маңғыстау облысының қаржы басқармасы мемлекеттің қатысатын заңды тұлғалармен жұмыс жасау бөлімінің басшысы-комиссия мүшесі.

**Дауыс беру қорытындысы:** Қолдап-«бірауыздан», «Қарсы»-жоқ, «Қалыс қалғандар»-жоқ.

**Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша шешім бірауыздан қабылданды.** 3 адамнан тұратын тарату комиссиясы тағайындалсын: Нугманов А.Ж., Жайнбаева Н.О., Құсайынова Қ.Т.

«Маңғыстау облыстық ауыл шаруашылық тәжірибелік станциясы» ЖШС  
тарату бойынша іс-шаралар жоспары

№	Іс-шараның атауы	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	Ресми баспасөз басылымдары арқылы Серіктестікті тарату туралы хабарлама	БАҚ жариялау	2022 жылғы 25 қаңтарға дейін	ЖШС директоры Жайнбаева Н. О
2	Хабарлама уәкілетті органдар (ҚР Әділет департаменті және Ақтау қаласы бойынша МКБ) серіктестікті тарату туралы	Хабарлама	2022 жылғы 25 қаңтарға дейін	ЖШС директоры Жайнбаева Н. О
3	Аралық тарату балансын және таратудың салық есептілігін бекіту	Баланс / есеп	2022 жылғы 15 наурызға дейін	Тарату комиссиясы / ЖШС директоры Жайнбаева Н.О.
4	Серіктестік мүлкіне түгендеу жүргізу	Есеп	2022 жылғы 15 наурызға дейін	Тарату комиссиясы / ЖШС директоры Жайнбаева Н.О.
5	Серіктестік мүлкін қайта бөлу	шешім	2022 жылғы 30 наурызға дейін	Тарату комиссиясы
6	Салықтық аудит жүргізу	Акт	2022 жылғы 30 наурызға дейін	Тарату комиссиясы
7	Салық берешегінің жоқтығы туралы анықтама алу	Анықтама	2022 жылғы 30 наурызға дейін	ЖШС директоры Жайнбаева Н. О
8	Тарату балансын бекіту	Баланс	2022 жылғы 15 сәуірге дейін	Тарату комиссиясы
9	Банктік шоттарды жабу	Банктен анықтама	2022 жылғы 30 сәуірге дейін	ЖШС директоры Жайнбаева Н. О
10	Мерді жою	Мерді жою туралы Акт	2022 жылғы 10 мамырға дейін	ЖШС директоры Жайнбаева Н. О
11	Әділет органдарындағы заңды тұлғалардың тізілімінен алып тастау	Бұйрық	2022 жылғы 25 мамырға дейін	ЖШС директоры Жайнбаева Н. О